

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Сапалы бағдарламадан бөлек біз өмір сүруді, әртүрлі шаралардың өтуін, жұмыс іздеугі және түсуді қамтамасыз етеміз.

Ceri Rich-Odeh

Director

Жарнама жұмысының тағы бір жанры. Бұнда стильдің эмоциясы азырақ болады да, көбіне ақпарат беруге тырысады.

Мысалы:

JOB ADVERTISEMENT:

Customer Service Manger

£8.500 per annum plus luncheon vouchers

We are seeking a young reliable and ambitious person with sense of humour. Applicants should send full CV to Mrs Jennifer Clive, Personel Officer, TECHPRODUCTS plc. Driving licence necessary. Full training will be given.

Бізге жас, сенімді, шамшыл және мысқыл қызметкер қажет. Үміткерлер Mrs Jennifer Clive – қа түйіндемесін жіберу керек, қызметкерлерді бақылайтын TECHPRODUCTS. Міндетті түрде көлік жүргізу құжаты болу керек. Толығымен оқытып үйретіледі.

Call 03 451 860 for further details.

2.JOB ADVERTISEMENT:

Administrative Assistant

We require PC knowledge, excellent spoken and written English, flexibility and reliability. We can offer work with a young team in a pleasant non-smoking environment. Salary negotiable depending upon experience and qualification.

Position available immediately.

Бізге сенімді және икемді, ағылшын тілін жазбаша және ауызша білетін қызметкер қажет. Біздің жұмыс жас командадан құрылған және онда темекі тартуға болмайды. Біліктілігі мен тәжірибелігіне қарай жұмыс ақысы әр түрлі. Орын уақытша бос.

Responses including C.V. should be sent to the following address within 14 days from the date of this advertisement:

Жарнама күнінен бастап 14 күн ішінде түйіндемені келесі мекен- жайға жіберу қажет.

Call 04 587 954 for further details.

Мысалдарда көрсетілгендей, жарнама мәтінінде әртүрлі стильдердің элементтерін байқауға болады: публицистикалық, ғылыми,ғылыми –танымал, іскерлік және ауызекі. Сондықтан, жарнама стилі бәрінен өзгеше. Бұл ерекшелік жарнаманың міндетті спецификасына және жолдаушының кеңдігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка / Ю.Д. Апресян. М., 1974. - 367 с.
2. Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного анализа // вопросы языкознания. - 1995. - №1. - с. 37-67.
3. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке / Г.В. Колшанский. – м.: наука, 1990. - 103 с.
4. Комиссаров в.н. Лингвистика перевода.- м. : издательство ЛКИ, 2007-176 с.

УДК 811.412

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дуйсенғалиқызы Жансая

zhans_d@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана,
Қазақстан

Соңғы жылдары машиналық аударма мәселелерін зерттеуге қызығушылық жылдан жылға артып келеді. Бұл есептеу техникасының қарқынды дамуы мен жаһандық ақпараттық кеңістіктің бір жүйеге бірігуімен тығыз байланысты. Ғаламтор жүйесі шынайы шексіз әлем жасауға мүмкіндік беретін кеңістік, оған кедергі келтіретін тек тілдік барьер. Қазіргі таңдағы машиналық аударма жүйелері бұл мәселені шешті. Еуропалық қоғам құрылысымен құжаттар аудармасы SYSTRAN арқылы жүзеге асса, жаһандану заманында машиналық аударма бағдарламаларының әлемнің түрлі тілдеріне аударатын технологиялар қатары күннен күнге толығып отыр. Көптеген машиналық аударма жүйелері соңғы уақытта коммерциялық бағытта дамып, ақпараттық технологиялар нарығында толыққанды бағдарламалық тауарға айналды. Ғаламтор қарым-қатынас құралдарының ең маңызды түрлерінің бірі және жаһандық желінің таралуы ғаламтордағы құжаттар мен беттер тілдерінің саны әлемдік тілдер санына дейін көбеюі үдерісі байқалып отыр. Статистика бойынша, жер бетінде ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдар саны 6% , сонымен бүгінгі таңда дейін қатар ғаламтордағы 90 % ақпарат ағылшын тілінде болып келгенімен қазір кері үрдіс белең алып отыр. Осындай үрдістердің нәтижесінде көлемді ақпараттарды аударудағы қажеттілік машиналық аударма технологияларының пайда болуына әсер етті.

Сонымен қатар, коммерциялық және ақпараттық-іздеу серверлерден басқа машиналық аударма жүйелерін бағалаумен айналысатын зерттеу топтары аударма қызметтерін ұсынады. Солардың бірі Саарбрюкен университетінің SUSY машиналық аударма жүйесі. Аталған сайтта аударылатын мәтіндер сол жүйені тестілеу үшін қолданылады.

Қазақ және ағылшын тілдеріне және керісінше аударатын машиналық аударма жүйелері күннен күнге артып келеді, мысалы: кеңінен қолданысқа ие болған «Google аудармашы» жүйесінде ағылшын-қазақ және қазақ-ағылшын тілдері енгізілді. Дегенмен, машиналық аударма жүйесіндегі ақпараттық технологиялардың дамуынан қарамастан, қазақ – ағылшын тілдеріне аударатын сайттар саусақпен санарлық: Google аудармашы, Pragma 6, Translatos.

Машиналық аударма жүйелері мәтіндік процессор ретінде басқа лингвистикалық процессорлар арасында алатын рөлі зор. Р.Г. Пиотровский бойынша, лингвистикалық процессорлар қатарына мәтіндік және тілдік ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелері жатады [1, 25-31]. Л.В. Златоустова, Э.И. Королева, Ю.Н.Марчуктың ұсынған классификацияларына сүйенсек, мәтіндік процессорлар [2, 55-64]:

- Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен ақпараттар базасын басқару жүйелері;
- Автоматтандырылған сөздіктер;
- Машиналық аударма жүйелері;
- Автоматтандырылған мәтінді бейімдеу жүйелері;
- Автоматтандырылған мәтінді компрессиялау жүйелері;
- Эксперттік жүйелер;
- Оқыту жүйелері.

Тілдік (речевой) процессорлері классына келесі жүйелер кіреді:

- Жекелеген сөздер мен айтылған сөз анализі мен синтезі;
- Мәтінді тілге аудару жүйелері және керісінше;
- Тілдік ақпараттар базасы;
- Автоманттандырылған транскрипция жүйелері және т.б.

Машиналық аударма жүйелері жоғарыда көрсетілген лингвистикалық процессорлердің бірі бола отырып, лингвистикалық автоматтардың дамуында атқаратын рөлі зор. Алайда, машиналық аударма жүйелері саласында ауызша тілді шет тіліне аударма мәселесі көп көңіл бөлініп келеді, мысалы Карнеги университетінде SNAP бағдарламасы аясында зерттеулер жүргізілді.

Қазіргі таңда машиналық аударма жүйелері А.Д. Бакулов, Н.Н. Леонтьева және басқа зерттеушілер классификациялары бойынша келесі түрлеріне бөлінеді [3, 248-261]:

- Тікелей машиналық аударма типі;
- Трансферлік машиналық аударма типі;
- Семантикалық машиналық аударма типі.

Қазіргі таңдағы коммерциялық машиналық аударма жүйелерінің басым бөлігі трансферлік типіне жатады. Тікелей машиналық аударма типі бүгінде қолданыстан шығып, машиналық аударма жүйелерінің тарихынан орын алды. Тікелей машиналық аударма типінің синтаксистік және семантикалық анализі дәрежесі төмендігі ерекшелігі болып табылады. Осындай аударма нәтижесінің сапасы төмен болғандықтан, аударманың алғашқы нұсқасы ретінде ғана қолданылады. Аталған жүйелер машиналық аударма дамуының бастапқы кезеңінде пайда болды және оларға сөзбе-сөз аудару қасиеті тән. Бұл типті жүйелер жұмысының сапасы, әдетте, қолданылатын сөздіктердің толыққанды болуына тікелей байланысты болды, себебі осындай аударма үдерісі негізінде сәйкес сөздерді сөздіктен іздеу болды. Сонымен қатар, синтаксистік анализ өте сирек қолданылды.

Тікелей аударма жүйелеріне келесі бағдарламалардың алғашқы нұсқалары жатады: SYSTRAN, LOGOS, SPANAM, TRANSOFT, АМПАР-АНРАП-СПРИНТ, СИЛОД, GERENG-GERRUS и др [4, 5-6].

60 жж. ортасында синтаксистік теория дамуының шарықтаған уақытында трансферлік аударма жүйелеріне синтаксистік анализ және синтез тән болды. Жоғарыда айтып өткендей, бүгінгі таңда қолданылатын аударма жүйелерінің көпшілігін Ю.Н. Марчук ұсынған аударма сәйкестіктері концепциясына сәйкес, машиналық аударманың жүйелерінің трансферлік типі ретінде санаймыз [5, 21-29]. Тіл-семиотикалық жүйе болғанымен, оның элементтері байланыс теориясында айтылғанымен, толық мағыналы код бола алмайды [6, 9-21]. Сол себепті, кез-келген тілдер жұбының белгілі бір аударма сәйкестіктері болады. Осылайша, Ю.Н. Марчук бойынша аудармашылық сәйкестіктер аударма бірліктері ретінде қарастырылады [7, 37]. Трансферлік машиналық аударма жүйелері жұмысының негізі сәйкес аудармашылық сәйкестіктер табу арқылы аудару. Аудармашылық сәйкестіктер эквиваленттік (тілдер ұқсастығы әсерінен болады), нұсқалық (мәнмәтінге байланысты эквиваленттер) және трансформациялық (толыққанды дұрыс мағынаны беру үшін әр түрлі трансформацияны қажет ететін) болып бөлінеді. Эквиваленттік сәйкестіктер сөздіктерден бара-бар бірліктерді іздестіру нәтижесінде іске асады және аталған сәйкестіктер арасында барынша дұрыс және толық өңделуге мүмкіндігі бар бірліктер болып табылады. Нұсқалық сәйкестіктердің машиналық аударма жүйелерінде сөз аудармасы нұсқаларының өңделуіне байланысты белгілі бір дәрежеде ақпарат жоғалуы мүмкін. Дегенмен, зерттеулер нәтижесі сөз аудармасы нұсқалары сөйлемнің жалпы мағынасын беруге болатындығын көрсетті. Трансформациялық сәйкестіктер машиналық аудармада айтарлықтай қиындық тудырады. Бұл жағдайда алгоритмде қателіктің болуы ақпараттың толыққанды жеткізілмеуіне, мағынаның бұрмалануына әкеледі.

1984 жылы М.Нагао мысалдар мен параллелді мәтіндер көмегімен аудару қағидасын қолдануды ұсынды. Бұл қағида бойынша, параллелді мәтіндер қолданып, аударылған сөйлемдер архивін жасау болды. Сонымен қатар, тілдегі жалпылама сипатқа ие сөйлемдер құрылымы үлгі ретінде қолданылды.

Соңғы уақытта аударма жүйелері бірнеше қағидалар негізінде құрылады (Фредеркинг [8, 56], Хоган [9, 113-123]), яғни мәтін құрылымын анықтау, сонымен қоса архивте сақталған құрылым негізінде өңдеу жүреді. Қазіргі таңдағы коммерциялық машиналық аударма жүйелерінің осы тобына жататын жүйелер: Langenscheidt T1 Plus 3.0 и Power Translator Plus.

Семантикалық машиналық аударма типінің басты ерекшелігі – эксталингвистикалық ақпараттардың болуы. Бұл бағыттағы зерттеулер венгер-орыс тілдері машиналық аударма саласында жүргізіліп, интерлингва немесе дәнекер тіл түсінігі пайда болды. Венгер тілінде сөз тәртібіне қатысты мәселелер сөзбе-сөз аударудан бас тартуға әкелді және қарапайым синтагматикалық құрылым зерттеуіне бет бұрғызды. Тіл жұптарының бірнешеуін зерттеу арқылы бірнеше тілге сәйкес келетін ортақ синтаксистік формалар қатарын жасау мүмкіндігін көрсетті, яғни бұл тілралық құрылымдар арасынан аударатын және

аударылатын тілдерге қолданылатын құрылымдар таңдалатын еді. Дәнекер тіл қарастырылатын тіл жұбының барлық сәйкестіктерінің жинағын ретінде көптілді аударма жүйелерінде қолдануға бейімделетін еді. Алайда, өкінішке орай, семантикалық типті аударма жүйесі өндірістік және коммерциялық машиналық аударма жүйелерінде іске асқан жоқ.

Қорытындылай келе, қазіргі таңдағы машиналық аударма жүйелеріне шолу жасай отырып, аталған саладағы негізгі үрдістерді айта кету қажет:

- Машиналық аударма түрлерінің, көбеюі – аударылатын тілдер саны мен жүйелер тақырыбының көбеюі;

- Машиналық аударма саласындағы мәтіндік аудармадан тілдік аудармаға көшу үрдісі, олардың өзара байланысы;

- Өндірістік, коммерциялық машиналық аударманың трансферлік типінің кеңінен таралуы;

- Машиналық аударма жүйелерінің тиімділігін бағалау мен дамыту маңыздылығы;

- Машиналық аударма жүйелерінің ғаламтор жүйесіне жаппай енгізілуі.

Бүгінгі жаһандандану заманында машиналық аударма жүйелерінің басты қолдану аясы – ғаламтор жүйесі, ақпараттық технологиялар дамуы машиналық аударма саласына тікелей әсерін тигізері анық. Машиналық аударма саласының жағдайын есепке алсақ, болашақта ғылыми революциялық прогресс болмаса, трансферлік типті машиналық аударма жүйелері кең қолданысқа ие болуын жалғастырады. Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы бұл типті жүйелердің кең таралуы аудармадағы кемшіліктеріне қарамастан, қолданушылар арасында өндірістік дәрежеде қызмет ете алатындығының, қажеттілігінің көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пиотровский Р.Г. На путях создания интеллектуальных систем обработки текста/о лингвистическом автомате/ ЭВМ и перевод. – М.: ВЦП, 1991.
2. Златоустова Л.В., Королев Э.И., Марчук Ю.Н., Поликарпов А.А. Актуальные аспекты развития прикладной лингвистики. Вестник МГУ, сер. 9 «Филология», №5/89. – С. 55-64.
3. Бакулов А.Д., Леонтьева Н.Н., Шаляпина З.М. Отечественные системы машинного перевода. В кн.: ИИ-90: Искусственный интеллект / Справочник / Книга 1. Системы общения и экспертные системы. – М.: Радио и связь, 1990. – С. 248-261.
4. Хроменко П.Н. Анализ и оценка эффективности современных систем машинного перевода, 2000, с. 5-6.
5. Марчук Ю.Н. Проблемы компьютерной лингвистики; Модель «текст-текст» и переводные соответствия в теории машинного перевода // Сборник научных статей. – Минск, 1997. – С. 21-29.
6. Марчук Ю.Н. Основы компьютерной лингвистики. – М.; Народный учитель, 2000. – С. 9-21.
7. Марчук Ю.Н. Проблемы машинного перевода. – М.: Наука, 1983. – С. 37.
8. Frederking R., Nirenburg S. Three Heads are Better than One. In Proceedings of ANLP'94, Stuttgart, Germany, 1994, 56.
9. Hogan C., Frederking R.E. An Evaluation of the Multi-engine MT Architecture. In Lecture Notes in Artificial Intelligence 1529, Berlin, Heidelberg, New York: Springer-Verlag, 1998, pp. 113-123.

УДК 80/81 (075.8)

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ЗНАНИЯ КАК ИСТОЧНИК РАЗВИТИЯ АССОЦИАТИВНО-ВЕРБАЛЬНОЙ СЕТИ ПЕРЕВОДЧИКОВ-СИНХРОНИСТОВ

Ескиндинова Маншук Жумабаевна

manshuk-eskindirova@yandex.ru